



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)

2024 жылғы 21 ақпандағы
№ ДС-73

Құрметті депутаттар!

Сіздердің депутаттық сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Мемлекет басшысы 2029 жылға қарай жалпы ішкі өнімді екі есеге арттыру міндетін қойды. Бұл міндет 2029 жылға дейінгі Ұлттық даму жоспарының жобасында көрініс тапты, онда ырықтандыру, бәсекелестікті ынталандыру және кәсіпкерлікті қорғау негізгі қағидаттар болып табылады.

Демек, экономикаға, атап айтқанда, инвестициялық ахуалды жақсарту арқылы шикізаттық емес секторларға шетелдік инвестициялардың ағынын ынталандыру, жоғарыда аталған міндетті орындауда елеулі рөл атқаратын болады.

Сонымен қатар, Үкімет Мемлекет басшысының Үкіметтің кеңейтілген отырысында берген тапсырмасын орындау мақсатында «Экономиканы ырықтандыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлық жобасын (бұдан әрі – *Жарлық жобасы*) әзірледі.

Жарлық жобасын қабылдау бәсекелестікті дамыту, нарық субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, сондай-ақ экономикалық процестерге мемлекеттің араласуын ауқымды төмендету үшін одан әрі жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Бұдан басқа, өңдеуші өнеркәсіпті және елішілік құндылықты дамыту бойынша кешенді жұмыс жүргізілуде, өйткені индустрияландыру Қазақстан экономикасын әртараптандырудың өзекті бағыты болып табылады.

Өнеркәсіпті мемлекеттік ынталандыру шараларын ұсынған кезде өнеркәсіптік-инновациялық қызмет субъектілеріне келесідей:

- еңбек өнімділігін арттыру;
- экспортқа бағдарланған тауарлар өндірісін ұлғайту;
- ішкі нарықтың қажеттіліктерін қамтамасыз ету бағыттары бойынша қарсы міндеттемелер белгіленеді.

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын орындау үшін Үкіметке реттелетін сатып алуларда отандық өндірушілермен офтейк-келісімшарттардың үлесін 10%-ға дейін жеткізу, сондай-ақ қазақстандық қамту үлесін (*елішілік құндылық*) 60%-ға дейін қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Қойылған міндетке қол жеткізу үшін «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңының жобасы әзірленді (*ҚР Парламенті Мәжілісінің қарауында*), ол отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік сатып алулар мен квазимемлекеттік сектордың сатып алуларында қолдауға, оның ішінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерінде офтейк-келісімшарттар жасасуға бағытталған түзетулерді көздейді.

Сондай-ақ, отандық өндірушілерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді басым сатып алу, тұрақсыздық айыбын (*айыппұл, өсімпұл*) азайту және т.б. түріндегі жаңалықтарды көздейтін Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына түзетулер енгізіледі.

Бұдан басқа, «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Кодекске және «Өнеркәсіптік саясат туралы» Заңға:

- қатты пайдалы қазбаларды өндіру жөніндегі жер қойнауын пайдаланушылардың сатып алуларында тауар биржалары арқылы стандартталмаған тауарларды сатып алуды алып тастау;
- ірі кәсіпорындар мен отандық өндірушілер арасында офтейк-келісімшарттар мен ұзақ мерзімді шарттарды міндетті түрде жасасу;
- ірі кәсіпорындардың елішілік құндылықты дамыту бағдарламаларын міндетті түрде әзірлеуі және қабылдауы бөлігінде бірқатар заңнамалық түзетулер әзірленді.

Осыған байланысты, Үкіметке Парламент Мәжілісінің депутаттық корпусымен бірлесіп, заңнамаға жоспарланған түзетулерді барынша жедел пысықтау міндеті тұр.

Импортты алмастыру саясатын іске асыру шеңберінде шикізатты ішкі қайта өңдеушілерге жеткізу тетігі іске қосылды және Өңдеуші өнеркәсіп кәсіпорындарын отандық шикізатпен қамтамасыз ету жөніндегі қағидалар қабылданды.

«Инвестицияларды көтермелеу және өзара қорғау туралы» халықаралық шарттармен Қазақстан инвестицияларға қатысты өзінің жеке және заңды тұлғаларының инвестицияларына берілетін режимнен кем емес қолайлы режимді қамтамасыз ететін міндеттемелер алғанын айта кету керек.

Бұл ретте, Кәсіпкерлік кодекстің 6-бабының 2-тармағына сәйкес барлық қазақстандық кәсіпкерлік субъектілеріне кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру кезінде тең мүмкіндіктер жасалатын болады.

Салық кодексінде, егер салық төлеуші жүзеге асыратын қызмет түрі арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы (*Салық кодексінің 708-710-баптары*) немесе инвестициялық басым жобаны іске асыру жөнінде келісімшарт жасасқан тұлға (*Салық кодексінің 711-712-баптары*) үшін басым болып айқындалса, кез келген қызметке (*қазақстандық кәсіпорындарға да, шетелдік кәсіпорындарға да*) қолданылатын жеңілдікті нормалар бар екенін атап өтемін.

Бұл ретте, жаңа Салық кодексін әзірлеу шеңберінде қазақстандық кәсіпорындарды дамыту және технологиялық жаңғырту үшін жаңа салықтық ынталандырулар қаралады.

Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросының ресми статистикалық ақпаратына сәйкес, өткен жылы шетелдіктердің қатысуымен тіркелген заңды тұлғалардың саны 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 16,1%-ға (*48 134-тен 55 865-ке дейін*) өсті.

Бұл ретте, 2023 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 18 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіне қарағанда 13,7%-ға артық (*15,3 трлн теңге*).

Жалпы, Үкімет бизнестің қарсы міндеттемелерін белгілей отырып, мемлекеттік қолдау шаралары, салықтық ынталандыру, реттелетін сатып алу және офтейк-келісімшарттар арқылы отандық өнімге сұранысты арттыру арқылы ұлттық өндірушілерді жұмылдыруға бағытталған жоспарлы жұмыс жүргізуде.

Кәсіпкерлік субъектілері мен мемлекеттің өзара іс-қимыл қағидаттарының бірі кәсіпкерлік субъектілерінің теңдігі болып табылатынын, сондай-ақ елдің инвестициялық тартымдылығын төмендету тәуекелдерін ескере отырып, негізгі қазақстандық қатысу үлесі (*51% және одан да көп*) бар заңды тұлғаларға мемлекеттік ынталандыру шараларын өзге де отандық заңды тұлғалармен тең дәрежеде алуға құқылы екенін атап өтемін.

Үкімет осы бағыттағы жұмысты жалғастыратын болады.

О. Бектенов

Тізім:

1. Е.С. Бейсенбаев
2. А.Т. Перуашев
3. Д.М. Еспаева
4. Е.Х. Барлыбаев
5. Қ.Ж. Иса
6. А.А. Садықов